

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «28» мамыр күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №17**

(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 27 мамыр сағат 20:00-ден 28 мамыр сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 27.05.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Азилкыясова Л.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «28» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіп бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Жауын-шашынның түсуіне байланысты маусымдық қар сызығы уақытша төмен түсті. Ауа температурасының одан әрі төмендеуіне байланысты қар жамылғысының еруі шамалы ғана байқалды. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 3165 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдануы жоғары. Кей уақытта жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар жамылғысы жоқ, қар тек кейбір жерлерде ғана қалыңдап тұрып қалды. Ауаның тәуліктік орташа температурасы 1–3,5 °C-қа төмендеді. Кей уақытта жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатауы	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3000 метрге жуық және одан жоғары биіктікте сақталған, солтүстік бөлігінде – 3500 метр шамасында және одан жоғары, солтүстік-шығысында – 3000 метрден жоғары, ал оңтүстік бөлігінде – 3500 метрден жоғары деңгейлерде байқалады. Ауаның тәуліктік орташа температурасы 1–3 °C-қа төмендеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар жамылғысы 3500 метрден жоғары биіктіктерде сақталған. Ауаның тәуліктік орташа температурасы 1,5 °C-қа төмендеді. Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар жамылғысы 3500 метрден жоғары биіктіктерде сақталған. Ауаның тәуліктік орташа температурасы өзгерген жоқ. Кей уақыттарда жаңбыр, түнде қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай болады. Талас Алатауында және Өгем жотасы қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Қар дақтары жатыр. Орташа күндізгі ауа температурасы шамамен 7 °C-қа төмендеді; ал түнгі температурасы – 2,6 °C-қа дейін түсті. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар жекелеген дақтар түрінде қапталған. Күндізгі және түнгі орташа ауа температурасы шамамен 8 °C-қа төмендеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынның түсуіне байланысты маусымдық қар сызығы уақытша төмендеді. Ауаның температурасы төмендеді. Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде күндізгі орташа ауа температурасы шамамен 3,5 °C-қа, түнгі температурасы 9 °C-қа дейін төмендеді. Оңтүстік-шығыс бөлігінде күндізгі және түнгі орташа ауа температурасы шамамен 6 °C-қа төмендеді. Түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-3 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «28» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Кей уақытта жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 10-15 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2 градус аяз-3 градус жылы, күндіз 5-10 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Кей уақытта жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 12-17 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей уақытта жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 12-17 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5 градус аяз, күндіз 8-13 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 1-6 градус аяз, күндіз 7-12 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, түнде екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 12-17 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, түнде екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 12-17 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Кей уақыттарда жаңбыр, түнде қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 16-21 градус жылы.
Өгем жотасы	Кей уақыттарда жаңбыр, түнде қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 21-26 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 25-30 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6 градус жылы, кей жерлерде үсік 2 градус, күндіз 12-17 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температура-сы түнде 1-6 градус жылы, кей жерлерде үсік 2 градус, күндіз 17-22, кей жерлерде 14 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-3 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6 градус жылы, кей жерлерде үсік 3 градус, күндіз 12-17, кей жерлерде 8 градус жылы.